

## ӨТІНІШ-ТІЛЕКТЕРІН ЖЕКЕ-ЖЕКЕ ЖЕТКІЗДІ

ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ

Аудан әкімдігінде азаматтарды қабылдау кестесіне сәйкес аудан әкімі Нұрлан Сейілов азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Тұрғындар өтініш-тілектерін аудан әкіміне жеке-жеке жеткізіп, түйткілдердің оң шешім табуына ықпал жасауды сұрады.

Аудан әкіміне Астрахан ауылының тұрғыны Г.Карстен көмір мен отын сатып алу үшін материалдық көмек көрсету мәселесі бойынша жүгінсе, Г.Лопатина аудан орталығының Победа көшесінде тұратын көршісіне құрылыс қоқыстарын уақтылы жинамау туралы шағыммен жүгінді. Ал С.Сүлейменов үйін орталықтандырылған жылу жүйесіне қосу мәселесі бойынша мәселелер көтерді.

Жалпылай айтқанда, қабылдауға жазылған азаматтар тарапынан көптеген арыз-шағымдар да, өтініштер де,



ұсыныстар да тыңдалды. Аудан басшысы Нұрлан Сейілов барлығын сараптай, саралай келе, баршасына толықтай жауабын берді. Шешімі бар мәселелерге қатысты жауабын сол жерде берсе, кейбірін өзінің орынбасарлары мен жауапты бөлім басшыларына,

тиісті ұйымдарға табыстады.

Жеке қабылдау барысында тұрғындардың бірқатары аудан әкімінің алдағы жұмысына сәттілік тілеп, оның тың бастамаларынан зор үміт күтетіндіктерін айтты.

Өз тілшіміз.

## ТОЛЕРАНТНЫЕ ОТНОШЕНИЯ И МЕЖЭТНИЧЕСКОЕ СОГЛАСИЕ

ПОД ОДНИМ  
ШАНЬПРАКОМ

Казахстан славится своей многолетней традицией толерантности и межэтнического согласия. Этот многонациональный и многокультурный строй всегда был важной составной частью национальной идентичности страны.

Одной из уникальных черт Казахстана является многонациональное население, включающее представителей более 100 этнических групп. Это разнообразие внесло богатый вклад в культуру и традиции страны. В Казахстане граждане живут в соседстве, уважая друг друга и праздную разные праздники и обычаи.

В нашей стране сосуществуют разные религиозные общины, включая ислам, православие, католицизм, буддизм и многие другие. Государство активно поддерживает диалог между религиозными общинами и способствует их взаимодействию.

Образование играет ключевую роль в формировании толеран-

ности и межэтнического согласия. В Казахстане существует широкая сеть школ и университетов, предоставляющих образование на разных языках. Культурные обмены, фестивали и мероприятия способствуют пониманию различий и уважению к другим культурам.

Казахстан - это прекрасный пример успешного управления многонациональным обществом и построения толерантных отношений. Это страна, где разнообразие считается богатством, а уважение к разным культурам и традициям - нормой. Толерантность и межэтническое согласие являются ключевыми составляющими национальной идентичности Казахстана и продолжают играть важную роль в его будущем.

**Айнұра АҚЫЛҚЫЗЫ,**  
главный специалист отдела  
внутренней политики.

## ӘЛЕУМЕТТІҢ ӘЛЕУЕТІН КӨТЕРУГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ҚАДАМ

Күздің алғашқы айында күллі қазақстандықтарға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің кезекті Жолдауын жариялады. Осынау «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты стратегиялық құжатта қазақ халқының ертеңі еңселі етуге бағытталған негізгі міндеттер сөз болды.

Президент болашаққа бағдар болатын өз Жолдауында әлеуметтің әлеуетін көтеруге ерекше басымдық беріп, жас санаға сапалы білім берген мұғалімдер мен дәрігерлер қауымының жалақысын арттыруға қарышты қадамдар жасалғанын, зейнетақы жинағының бір бөлігін пайдалануға мүмкіндік берілгенін, сонымен бірге «Жайлы мектеп» жобасы аясында 400-ге жуық мектеп салынатынын атап, қазіргі таңда ауылдық жерлерде 300-ден астам денсаулық сақтау нысаны бой көтеріп жатқанын ортаға салды.

Сондай-ақ Жолдауда Президент пәрменімен келер жылы қолданысқа енетін «Ұлттық қор – балаларға» жобасы қолға алынып, нәтижесінде 2024 жылдан бастап балалар



Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniń joldaýy  
Послание Президента Республики Казахстан

есепшотына қаражаттар түсе бастайтынын баяндады. Бұл дегеніміз, келешек иелеріне деген үлкен көмек еді. Бұдан басқа да маңызды салаларға қатысты міндеттемелерді айтқан Мемлекет басшысы ауыл шаруашылық, кәсіпкерлік салаларын дамытуға жасалып жатқан баянды бастамалар мен толымды тірліктер төңірегінде ой қозғап, игерілмей жатқан немесе заңсыз берілген 8 млн. гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылғанын тілге тиек етті.

Жалпы, Жолдаудағы әрбір сөзі көңілге қонымды. Әлемдік саяси аренада өзіндік орны бар Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұтырлы ұстанымы, байыпты байламы әрдайым Қазақстан мемлекетінің өркендеуіне негізделетініне тағы бір мәрте көз жеткіздік. «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты бүгінгі саяси кеппеген Жолдау барша аудан жұртының көңілінен шығатыны анық.

Арман ЖАПАРОВ.

## ЖАҢА ҚАЗАНДЫҚ – ЖАНҒА ЖЫЛУ

Ауданымызға қарасты Каменка ауылының мәдениет үйінде блокты-модульдік қазандықты орнату жобасы аяқталды.

ЖАҒЫМДЫ  
ЖАҒАЛЫҚ



Облыстық бюджеттен бөлінген трансферттер есебінен Каменка ауылдық мәдениет үйіне блокты-модульдік қазандық сатып алуға 43 млн. 200 мың теңге бөлінді. Блокты-модульдік қазандықты сатып алу бойынша ашық конкурс арқылы мемлекеттік сатып алу тәсілімен конкурс жарияланып, «STEM-4» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен 30 млн. 065,3 мың теңгеге шарт жасалды. Осылайша, 11 қыркүйекте блокты-модульдік қазандық пайдалануға берілді.

Жалпы, блокты-модульдік қазандық (БМК) дегеніміз ол

зауыттан максималды түрде дайын шығатын өнім. Ол барлық қажетті құрылғылармен толыққанды жабдықталған, арасында қабырғасы жоқ, ортақ ғимаратта біріккен, бір немесе бірнеше модульден тұратын қазандық. Блокты-модульдік қазандық коммуналдық, өндірістік-әкімшілік, әлеуметтік және мәдени-тұрғылықты объектілерді жылумен және ыстық сумен қамтамасыз етуге арналған.

Бұл көптен бері көтеріліп, айтылып келе жатқан маңызды мәселенің бірі еді. Міне, түйткілді шаруаның түйіні

тарқатылып, халық қуанышқа бөленіп отыр. Қыс мезгілінде қазандықтарды іске қосу жауапкершілігі мол жұмыс. Осындай істі қолға алып, оңтайлы шешкен мекеме алғыстан өзге айтарымыз жоқ. Осындай мемлекет қолдауы аясында жүзеге асырылып жатқан осындай оң бастамалар көбейе берсін дегіміз келеді.

Аудандағы тіректі мекендер қатарына кіретін Каменка ауылында серпінді жобалар одан әрі де жүзеге асырыла беретініне сеніміміз мол.

Өз ақпаратымыз,

## СОДЕРЖИТ КОНКРЕТНЫЕ КОНТУРЫ И ЭЛЕМЕНТЫ НОВОЙ МОДЕЛИ

### ЗА СТРОКОЙ ПОСЛАНИЯ

Президент выступил с объемным посланием народу Казахстана. «Чтобы стать по-настоящему развитой страной, мы должны совместить политические реформы с глубокими и всесторонними социально-экономическими преобразованиями, – отметил в программном документе Глава государства. – Несмотря на сложную геополитическую ситуацию, наша страна сохраняет положительную динамику по всем ключевым показателям экономического развития. В прошлом году ВВП Казахстана составил 104 триллиона тенге. Привлечены рекордные 28 миллиардов долларов прямых иностранных инвестиций. Внешнеторговый оборот также достиг рекордного уровня – 136 миллиардов долларов, из которых 84 – это экспорт. Опора стабильности нашей экономики – внешние резервы – вплотную приблизились к 100 миллиардам долларов».

Казахстану необходимо поэтапно, но твердо и решительно перейти на новую экономическую модель,

во главе которой, по словам президента, стоят не абстрактные достижения, а реальное улучшение жизни граждан. Определяющими принципами нового экономического курса страны станут справедливость, инклюзивность, прагматичность.

Это Послание содержит конкретные контуры и элементы новой модели экономической политики нашей страны. С момента вступления в должность в 2019 году Глава государства реализует комплексный план реформ во всех областях. Модернизационная повестка Касым-Жомарта Токаева включает в себя глубинные изменения в политической, экономической, социальной и других сферах.

В Послании президент остановился на ключевых моментах в рамках уже реализованных по его поручению мер. В первую очередь нужно отметить реформы в политической сфере. Проведен исторический референдум по поправкам в Конституцию. Мы перешли на смешанную избирательную систему, люди теперь могут выбирать конкретных кандидатов в Мажилис и маслихаты. Введена выборность сельских акимов. Планируются выборы акимов районов. Появились новые политиче-

ские партии. Растет политическая конкуренция. Все это работает на большее участие наших граждан в процессах принятия решений.

В конечном счете, главная цель всех этих преобразований – формирование общества ответственных граждан, объединенных общей идеей – процветание страны. Мы наблюдаем как в экспертной, так и гражданской среде активно обсуждаются инициативы и проекты. Они вызвали живой отклик у общества, потому что стали ответом на сформированный запрос граждан – запрос на позитивные изменения в экономике страны. Глава государства поручил повысить минимальную заработную плату и социальные выплаты. Касым-Жомарт Токаев уже говорил, через какие механизмы и проекты эта процедура будет происходить. Конечно, решить проблему расслоения среди казахстанцев разом невозможно. И да, риски имеются. Тем не менее, на мой взгляд, это реальный шаг к дальнейшему реформированию социальной сферы и поддержка людей.

**Галия ОСПАНОВА,**  
руководитель отдела  
экономики и финансов района.

## АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫ АРЫСЫ

Қыркүйектің басы – ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні және 2017 жылғы 31 қазаннан бері Қазақстан Республикасы Үкіметінің арнайы қаулысымен бекітілген Қазақстан халқы тілдері күні.



Ахмет Байтұрсынұлы қазіргі Қостанай облысының Торғай өңіріндегі Сартүбек деген жерде дүниеге келген. Жастайынан көзі ашық, білім үйренуге құмар болған ол 1882-1884 жылдары ауыл адамдарынан сауатын ашып, хат таниды. 1886-1891 жылдары Торғай қаласындағы екі сыныпты орысша-қазақша училищеде, кейін Орынбордағы мұғалімдер даярлайтын мектепте білім алған. Осылайша бірқатар оқу орындарынан дәріс алған Ахмет Байтұрсынұлы 1895 жылы өзінің ұстаздық қызметін бастайды. Мұғалім болып жүріп қоғамда орын алып жатқан кейбір мәселелерден де шет қалған жоқ.

Ахаң, сондай-ақ, шебер аудармашы. Ол орыс классиктерінің шығармаларын ана тілімізге аударып, қазақ әдебиетінің дамуына да үлесін қосқан жан 1909 жылы Петербургте басылып шыққан «Қырық мысал» атты кітабында Қрыловтың, Пушкинның танымал туындылары аударылды.

А.Байтұрсынұлы қоғамда орын алып жатқан жағымсыз жайттарды осы мысал өлеңдері арқылы жеткізіп отырды. Бірінде өз ойын жұмбақтап жеткізсең кейде ашық та айта бастаған. Осылайша ол 1905 жылдардан бастап саяси өмірге араласа бастады. Алғашқы мақсаты әлеуметтік теңсіздікке қарсы шығу болатын.

1909 жылы губернатор Тройницкийдің бұйрығымен Ахаң тұтқындалып, түрмеге де қамалады. Кейін Ресейдің ішкі істер министрлігінің ерекше кеңесі оны қазақ елінен жыраққа жіберу үшін Орынборға жер аударған. Бұл жерде ол саяси көзқарасын ашық айтып, өзінің сенімді достары Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатовтармен бірігіп, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығара бастады. 1913-1918 жылдар аралығында осы басылымның редакторы

### ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІ

болған ол, халықты өнер мен білімге шақырып, қалың бұқараға үгіт-насихатын жүргізген еді. Алайда, Ахметтің әрбір басқан қадамы Ресей үкіметінің қатаң бақылауында болып, Газетке жабылған жаланың кесірінен ол жазықсыз абақтыға отырып шықты.

Қазан төңкерісінен кейін қоғамдық өмірге белсене араласқан Ахмет

Байтұрсынұлы қазақ жұртының тәуелсіз мемлекетін құруды мақсат еткен Алаш қозғалысы көсемдерінің бірі болады. Кейінірек Қазақстанның тұңғыш халық ағарту министрі, Қазақстан академиялық орталығының жетекшісі, Алматыдағы, Ташкенттегі жоғары оқу орындарының профессоры қызметтерін атқарады.

1926 жылы Ахмет Байтұрсынұлы түркітанушылардың бірінші съезіне қатысқан болатын. Жиын Баку қаласында өткен «Түркі тілдеріндегі терминология жайлы» деген тақырыпта баяндама жасаған ол жиынға келген бүкіл қатысушыны өз аузына қаратты. Қарататындай да бар еді, Ахаң сол басқосуда қазақ ұлтының тілдік жүйесін дәлелдеп, халқының болашағы үшін қайсарлық көрсеткен.

5 рет сотталып, 2 рет жер аударылған мемлекет және қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы 1937 жылы қазан айында тағы да қамауға алынып, екі айдан соң «халық жауы» деген айыппен атылып кетті. Оның жақтастары, туған-туыстарын кудалау 1988 жылға дейін жалғасқан. Тек осы жылдың 4 төртінші қарашасында ғана А.Байтұрсынұлы ақталып, оның еңбектері ортамызға оралды. Осы уақытта оның «Ақ жол» деген кітабы да басылып шықты.

Оның артынан қалған мол мұрасы Алматыдағы өзі өмір сүрген ғимаратта, яғни қазіргі Ахмет Байтұрсынұлов мұражайында. 20 жылға жуық уақыттан бері жұмыс жасап тұрған шаңырақта Алаштың ардақты арысының басқан ізі, жоғалмас биік рухы қалды. Оның: «Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Ол үшін ең алдымен, әдебиет тілін өркендету керек...» деген сөзі бар болатын. Елі үшін еңбегін арнаған асыл азаматтың осы айтқаны қазір де күшін жойған жоқ.

**Өз ақпаратымыз.**

## ДЛЯ СВЕДЕНИЯ ГРАЖДАН

### ЧЕЛОВЕК И ЗАКОН

не на основании закона; о лишении (ограничении) и восстановлении (отмене ограничений) родительских прав; об усыновлении (удочерении) ребенка и его отмене, признании усыновления (удочерения) недействительным; о направлении несовершеннолетних в специальные организации образования или организации образования с особым режимом содержания; по спорам, возникающим из опеки и попечительства (патроната) над несовершеннолетними; об установлении отцовства и взыскании алиментов; по заявлениям об ограничении или лишении несовершеннолетнего в возрасте от четырнадцати до семнадцати лет права самостоятельно распоряжаться своими доходами; об объявлении несовершеннолетнего полностью дееспособным (эмансипация); об изменении размера алиментов, об освобождении от уплаты алиментов, от уплаты задолженности по алиментам, взыскиваемым на содержание несовершеннолетних детей; о защите трудовых, наследственных, жилищных прав несовершеннолетних; о возвращении незаконно перемещенного в Республику Казахстан или удерживаемого в Республике Казахстан ребенка или об осуществлении в отношении такого ребенка прав доступа на основании международного договора, ратифициро-

ванного Республикой Казахстан; о возмещении вреда, причиненного совместно несовершеннолетними и совершеннолетними, в том числе с участием недееспособных или ограниченно дееспособных несовершеннолетних.

*Изменение вводится в действие с 01 сентября 2023 года. Таким образом, все дела по расторжению брака между супругами, имеющими общих несовершеннолетних детей, разделе имущества (при наличии несовершеннолетних детей), с 01 сентября 2023 года будут рассматриваться Специализированными межрайонными судами по делам несовершеннолетних, в связи с чем, указанные иски необходимо направлять посредством «Судебный кабинет», по той или иной связи в Специализированный межрайонный суд по делам несовершеннолетних Акмолинской области, расположенный по адресу: Акмолинская область, город Кокшетау, ул. М.Дулатова 46А. Канцелярия суда: 8 (7162) 55-96-43. Адрес электронной почты суда: 030225@sud.kz*

**Ж. АХМЕТОВ,**  
судья Астраханского  
районного суда.



**Законом Республики Казахстан от 27 марта 2023 года за № 216-VII ЗРК «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам совершенствования процессуального законодательства и реформирования судебной системы», в часть третью статьи 27 гражданского процессуального кодекса Республики Казахстан внесены изменения, данная норма статьи изложена в следующей редакции:**

Специализированные межрайонные суды по делам несовершеннолетних рассматривают и разрешают гражданские дела по спорам о расторжении брака между супругами, имеющими общих несовершеннолетних детей, разделе имущества (при наличии несовершеннолетних детей), об определении места жительства ребенка, в том числе при выезде ребенка с одним из родителей за пределы республики на постоянное место жительства; определении порядка общения родителя, близких родственников с ребенком, проживающим отдельно от них; отобрании ребенка, находящегося у других лиц,

### АУЫЛЫМ - АЛТЫН БЕСІГІМ

Құз мезгілі. Қоңыр салқын ауасымен тоңазытады. Төңірек сарыға боялып, аспанды жиі бұлт торлап, жаңбыр да көп жауады. Осы бір мезгілмен келетін шырайлы көрініс ол – білім алуға асыққан оқушылар. Күздің алғашқы күні білім беру мекемелері үшін айтулы мереке. Шәкірттерге құшағын ашып, жаңа оқу жылы басталады. Жаз бойы демалыста ұстаздармен, достарымен сағына қауышады.

Иә, жаз бойы мүлгіген тыныштық орнаған мектеп төңірегі бүгін қайта түлеп, тіршілігі жандана түскендей. Халық қозғалысы да көбейген. Бүгін де күндегі бағытпен келемін. Көше бойында ақ бантигін тағынып, мектеп формасын киіп, сөмкесін қуанышпен көтеріп кел жатқан бейкүнә балақайлар көңілге ыстық көрінеді. Мынау оны жетелеп алып келе жатқан ата-анасы баласының болашағынан зор үміт күтіп, өзіне сан сауалын қойған өмірге құштар балаға мейірлене қарайды. Мектеп ауласында шәкіртін күтіп тұрған ұстаздар да білімнің жаңа баспалдағын аттаған бүлдіршінді аялай қарап тұр. Қоңырау үні. Бұл сыныпта сабақ

## ОҚУ ЖЫЛЫ БАСТАЛЫП, ТІРШІЛІКKE ЖАН БІТТІ



басталғалы жатқандығының белгісі. Мұны естіген оқушы мектепке қарай асыға адымдайды. Осылайша жаз бойы қаңырап қалған

еңселі мектептің маңы еп-сөтте шырайлана түсті.

Түс қайта мектеп маңы баласының сабағы

бітіп, қайтуын күткен ата-аналарға толы. Әрине, бұл кішкентай бұл-дүршін үшін бірінші кезекте қауіпсіздік негізі. Қазіргі қарбалас қоғамда бұғанасы қатпаған бүлдіршіннің оқыс оқиғаға тап болмас үшін жасалған сақтық.

Ал жоғары сыныпта оқитын бозбала мен бойжеткендер бүлдіршін кезден бірге келе жатқан сыныптас достарымен сағыныса қауышып, сыр ақтарысып, сабақ бітсе де қайтуға асықпайды. Өйткені олар үшін ең алаңсыз, қайғысыз-қамсыз шақтар өтіп жатыр бастарынан.

Міне, осылай жаңа оқу жылының басталуымен көшенің де сәні кіре түскендей. Төңірегіміздегі осы көріністерге мұқият зер салдым да өзіміздің оқушылық өмірім көз алдымнан елес беріп өте шықты. Мен де анау шашын екі жаққа өтеміп етіп түйіп алған қыз секілді әкемді жетектеп алғаш мектепке қуана қадам басқам. Мынау екі құрбы қыз секілді көрші сыныптасыммен еңгіме соғып үйге қайтқам. Мектеп төңірегінде топтасып тұрған анау бозбала мен бойжеткендер секілді біз де қимастық сезімім өткеріп едік. Хош. Қайта келмес қызық дәурен. Сол шақтарда біздің сол бір формадағы бейнеміздің көшенің сәнін кіргізген көркем көрініс екенін білмеппіз. Ал мынау оқушы соны ұқты ма екен?!

**Назерке МАРАТҚЫЗЫ.**

**ОТБАСЫ КҮНІ  
АЯСЫНДА**

Қазақстанда отбасы күні мерекесі 2013 жылдан бастап атап өтіледі. Оған қыркүйектің екінші жексенбісі берілген. Отбасы күнінің басты мақсаты - отбасылық құндылықтарды насихаттау және елдегі руханиятты нығайту.

Іс-шараның басты қонақтары ауданның отбасылары - көпбалалы Қарбай Иманжүсіпұлы мен Райхан Әбушахманқызы Сатемировтар отбасы, сондай-ақ, Серік пен Айзира Сатемировтар, жас отбасылар - Арман мен Меруерт Жапаровтар, Мұхамеджан мен Людмила Құрмановтар, Юрий мен Анжела Титовтар болды. Олар ұрпақты тәрбиелеу және отбасылық құндылықтарды сақтауға бағытталған диалог алаңының қатысушылары болды. Отбасылар табысты отбасылық өмірдің құпиясымен бөлісті, жас отбасы қандай қиындықтарға тап болды, дағдарыс жағдайында психологтардан көмек сұрады ма және бұл отбасын сақтау үшін қаншалықты маңызды деген мәселелер қозғалды. Диалогтық алаң соңында отбасылар қатысқаны үшін алғыс хаттармен

**ОТБАСЫ - МАХАББАТ ЖАСАҒАН КІШКЕНТАЙ ӘЛЕМІ**

**АУДАНЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНІҢ ЗАЛЫНДА ОТБАСЫ КҮНІ АЯСЫНДА АУДАН ОТБАСЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН «ОТБАСЫ - МАХАББАТ ЖАСАҒАН КІШКЕНТАЙ ӘЛЕМІ» ФЕСТИВАЛІ ӨТТІ.**



және фотоальбомдармен марапатталды.

Содан кейін «Отбасының байлығы» отбасылық викторинасы өтті, жауаптарын дұрыс берген барлық қатысушылар естелік

сыйлықтар табысатлды.

«Жылдар өткен соң» стиліндегі үздік отбасылық фотобайқауында фестивальдің барлық қатысушыларының дауыс беруі арқылы жеңімпаздар таңдалды.

Дауыс беру қорытындысы бойынша бірінші орын - Құрмановтар отбасы, екінші орын - Сатемировтар отбасы және үшінші орын - Христич отбасы. Жеңімпаздарға ақшалай сертификаттар табысатлды.

Балалар үшін ойындар, аниматорлар және мерекелік дискотека, квест-ойындар ұйымдастырылды. Фестиваль соңында балалары бар барлық отбасылар тәттілер мен сусындармен кофе-брейкке шақырылды.

Отбасы күніне арналған «Отбасы - махаббат жасаған кішкентай әлемі» фестиваліне қатысқан барлық отбасыларға алғыс айтамыз. Әрбір адам үшін ұшқан ұясының орны бөлек. Өскелең ұрпақтың отбасында тәлім-тәрбие алып, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруі өте маңызды. «Отан отбасынан басталады» деп бекер айтылмаған. Салт-дәстүрге құрмет те, туған елге сүйіспеншілік те қасиетті қара шаңырақтан бастау алады. Отбасы институты еңбекқорлық, білімпаздық, тілектестік сынды «Адал азаматқа» тән қасиеттерді қоғамда жан-жақты дәріптеу арқылы ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруға өлшеусіз үлес қосады. Берекелі шаңырақ - елімізді үйлесімді әрі орнықты дамытудың мызғымас кепілі. Сондықтан мемлекет ана мен баланы қорғау жүйесін жетілдіруге, отбасы құндылықтарын ұлықтауға баса мән береді. Әр отбасының әл-ауқатын жақсарту - Әділетті Қазақстанды құру жолындағы негізгі міндеттің бір деп білеміз.

**Өз тілшіміз.**



## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ



Бүгінде сыбайлас жемқорлық мәселесі бүкіл әлемнің басты проблемаларының бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық – заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан әрбір ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан әрбір ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілеті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады.

Аудандық білім бөлімінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2023 жылғы арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес жыл басынан бері сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі бойынша құқықтық оқулар мен түрлі жұмыстар ұйымдастырылып, өткізілуде. Бұқаралық ақпарат құралдарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған жол бермеу тақырыбында мақалалар жарияланып келеді.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

**Төлепберген БҰҒЫБАЙ,**  
аудандық білім бөлімінің әдіскері.

## УРЕГУЛИРОВАНИЯ СПОРОВ ПУТЕМ МЕДИАЦИИ



Медиация, в праве – одна из технологий альтернативного урегулирования споров с участием третьей нейтральной, беспристрастной, не заинтересованной в данном конфликте стороны - медиатора, который помогает сторонам выбрать

определенное соглашение по спору, при этом стороны полностью контролируют процесс принятия решения по урегулированию спора и условия его разрешения. Стороны спора смогут избежать длительные судебные процедуры, и дополнительные судебные расходы.

Медиация применяется по спорам (конфликтам), возникающие из гражданских, трудовых, семейных и иных правоотношений с участием физических и (или) юридических лиц, а также рассматриваемые в ходе уголовного судопроизводства по делам о преступлениях небольшой и средней тяжести, если иное не установлено законами Республики Казахстан.

Медиация – это достижение взаимовыгодного и мирного соглашения, удовлетворяющего обе стороны и снижающего уровень конфликтности. В отличие от судебного процесса при медиации не бывает «виновных» или «невинных» сторон. Стороны согласованно решают обратиться к медиатору или нет. В случаях, когда решение проблемы таким путем не предоставляется возможным, за ними сохраняется право обратиться в суд. При медиации стороны рассчитывают на равные права, а также на них возлагаются равные обязанности. Также стороны могут по своему усмотрению договориться о месте проведения медиации и о языке, который будет использоваться в ходе проведения медиации.

**О. ОЧЕРЕТЯНЮК,**  
главный специалист Астраханского районного суда.

## ОСТОРОЖНО, СИБИРСКАЯ ЯЗВА

### Трибуна специалиста

Сибирская язва – одно из особо опасных заболеваний животных и человека. В природе бактерия сибирской язвы очень устойчива. В неблагоприятных условиях она образует споры, которые лежат в земле пока не попадут в живой организм, где начинают размножаться. К человеку они могут попасть, как непосредственно из почвы, так и через контакт с животными (козы, овцы, крупный рогатый скот, лошади) при разделке туш или с продуктами (мясо, кожа, шерсть и т.д.). Споры сибирской язвы могут выдерживать кипячение (при варке мяса) в течении 2-3 часов. В почве, по разным источникам, сохраняются 100-200 лет.

Известные сибирезавенные захоронения обозначаются специальными табличками «СИБИРСКАЯ ЯЗВА» и огораживаются, для того чтобы предотвратить выпас сельскохозяйственного скота в этих местах. К большому сожалению, координаты большинства мест таких захоронений утеряны, к примеру в нашем районе из 18 пунктов числящихся «неблагополучными по сибирской язве» с середины прошлого века, известно и огорожено только 1!

В Республике Казахстан ежегодно регистрируются единичные - 3-5 случаи заболевания людей сибирской язвой. С начала 2023 года уже зарегистрировано 13 случаев заражения людей, источником инфекции послужил больной домашний скот забытый на дому без ветеринарного освидетельствования.

Различают несколько форм заболевания: Кожная, Легочная и Желудочно-кишечная. Чаще других встречается кожная форма заболевания. Заражение происходит в местах порезов, царапин и небольших ранений. При кожной форме, в месте поражения возникает красное пятно, отмечаются зуд и жжение, затем образуется пузырек с кровянистой жидкостью, который

нагнаивается, затем он разрушается, образуя типичную язву, безболезненную в отличие от всех других существующих язв. Период от появления пятна до образования язвы может составлять всего несколько часов. Действие токсина на весь организм определяет такие симптомы как лихорадка до 40° С, общая слабость, разбитость, головная боль. Повышенная температура держится около 5-7 дней. Реже встречающиеся, но наиболее тяжелые формы: Легочная и Желудочно-кишечная. Эти формы болезни развиваются при вдыхании спор бактерий и при употреблении в пищу зараженных пищевых продуктов (сырого или плохо проваренного и прожаренного мяса).

Одной из главных причин заболевания людей служит бесконтрольный убой больных животных и реализация продуктов животноводства без ветеринарного контроля. Поголовье скота должно прививаться сибирезавенной вакциной ежегодно. Также ежегодно должны вакцинироваться и люди подверженные наибольшему риску заражения, это зоовет.специалисты, работники скотобоев, складов хранения мяса, заготовители мяса, шкур и шерсти. Люди сами могут защитить себя от такого опасного заболевания, как сибирская язва, соблюдая элементарную осторожность: не покупать мясо неизвестного происхождения, ежегодно проводить ветеринарный осмотр и вакцинацию сельскохозяйственных животных содержащихся в личных подворьях. При появлении на коже каких либо высыпаний или непонятных пятен, не лечить их самостоятельно, применяя для этого так называемые «народные» методы, в виде бензина, уксуса или спирта, а обратиться в медицинское учреждение к специалисту, который своевременно поставит диагноз и назначит необходимое лечение. Ведь без квалифицированного лечения, болезнь может закончиться смертью.

**Т. КОЛЕСНИКОВА,**  
главный специалист Астраханского РУСЭК.

## ОФОРМЛЕНИЕ ДОКУМЕНТОВ НА САНАТОРНО-КУРОРТНОЕ ЛЕЧЕНИЕ ЛИЦАМ С ИНВАЛИДНОСТЬЮ И ДЕТЯМ С ИНВАЛИДНОСТЬЮ В СООТВЕТСТВИИ С ИНДИВИДУАЛЬНОЙ ПРОГРАММОЙ АБИЛИТАЦИИ И РЕАБИЛИТАЦИИ ЛИЦА С ИНВАЛИДНОСТЬЮ

Санаторно-курортное лечение лицам с инвалидностью и детям с инвалидностью предоставляется в соответствии с индивидуальной программой абилитации и реабилитации (ИПАР) разработанной территориальным подразделением уполномоченного органа в области социальной защиты населения, с учетом медицинских противопоказаний.

Санаторно-курортное лечение предоставляется за счет средств государственного бюджета согласно заявлению на предоставление санаторно-курортного лечения. Лицо с инвалидностью или их законный представитель, либо лицо, действующее от лица с инвалидностью на основании доверенности на право оформления документов для предоставления санаторно-курортного лечения (далее – заявитель), предоставляют по месту жительства лица с инвалидностью заявление с приложением документов, указанных в перечне основных требований.

Заявление на оказание государственной услуги можно оформить через:

- 1) Некоммерческое акционерное общество "Государственная корпорация "Правительство для граждан" (далее – Госкорпорация);
- 2) Местные исполнительные органы, отдел занятости и социальных программ Астраханского района;
- 3) веб-портал "электронного правительства" (далее – веб-портал);
- 4) абонентское устройство сотовой связи (далее – абонентский номер).

Для получения государственной услуги через Госкорпорацию, отдел занятости по месту жительства получатель, обращается с заявлением и документом, удостоверяющим личность лица с инвалидностью, либо электронным документом из сервиса цифровых докумен-

тов (для идентификации).

Ответственные сотрудники Госкорпорации, отдела занятости при приеме заявления формируют запросы по индивидуальному идентификационному номеру лица с инвалидностью в информационные системы государственных органов и (или) организаций через шлюз "Электронного правительства" для получения следующих сведений:

- 1) о документе, удостоверяющем личность;
- 2) об установлении инвалидности;

### ЗДОРОВАЯ НАЦИЯ

3) о разработанных мероприятиях в ИПАР.

При подаче заявления на получение лицами с инвалидностью от трудового увечья или профессионального заболевания санаторно-курортного лечения, дополнительно запрашиваются сведения:

- 1) о несчастном случае на производстве, приведшем к инвалидности;
- 2) о прекращении деятельности работодателя – индивидуального предпринимателя или ликвидации юридического лица, по вине которого получено трудовое увечье или профессиональное заболевание.

При отсутствии сведений в информационных системах к заявлению прилагаются копии документов на бумажном носителе, содержащих вышеуказанные сведения.

При подаче заявления через шлюз "электронного правительства" запрашивается индивидуальный идентификационный номер лица с инвалидностью для автоматического формирования следующих сведений:

- 1) о документе, удостоверяющем личность, либо об электронном документе из сервиса цифровых докумен-

тов (для идентификации).

2) об установлении инвалидности;

3) о разработанных мероприятиях в ИПАР.

Отдел занятости получает цифровые документы из сервиса цифровых документов через реализованную интеграцию, предоставленного посредством зарегистрированного номера абонентского номера сотовой связи пользователя путем передачи одноразового пароля или путем отправления короткого текстового сообщения в качестве ответа на уведомление портала.

При соответствии пакета документов отдел занятости и социальных программ в течение пяти рабочих дней рассматривает документы, по итогам заявителю о результате оказания государственной услуги выдает уведомление о принятом решении, в случае обращения через Госкорпорацию или веб-портал направляет уведомление на абонентский номер заявителя.

При наличии оснований для отказа, отдел занятости уведомляет заявителя о предварительном решении об отказе в оказании государственной услуги, а также времени и месте (способе) проведения заслушивания для возможности выразить заявителю позицию по предварительному решению.

Уведомление о заслушивании направляется заранее, но не позднее чем за три рабочих дня до завершения срока оказания государственной услуги. Заслушивание проводится не позднее двух рабочих дней со дня уведомления.

По результатам заслушивания заявителю в форме электронного документа, подписанного электронной цифровой подписью (далее – ЭЦП) уполномоченного лица, отдела занятости, направляется уведомление об оформлении документов либо мотивированный отказ в оказании государственной услуги.

Дополнительную информацию можно получить в государственном учреждении «Отдел занятости и социальных программ» Астраханского района по адресу: село Астраханка, ул. Аль-Фараби -50, адрес электронной почты astr\_socz@mail.ru, контактный телефон: 8(71641) 2-34-45; 2-25-34.

**И. ДОМАЩЕНКО,**  
главный специалист  
отдела занятости и  
социальных программ  
Астраханского района.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

2023 жылғы 27 наурызда ҚР Президенті «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне процестік заңнаманы жетілдіру және сот жүйесін реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды.

АПК-нің 27 бабының 3 бөлігінің жаңа редакциясына сәйкес ювеналды соттардың соттылығына келесі даулар бойынша қосымша азаматтық істер берілді:

- Кәмелетке толмаған балалары ортақ ерлі-зайыптылар арасындағы некені бұзу туралы;
- Мүлікті бөлу туралы (кәмелетке толмаған балалар болған жағдайда);
- Жақын туыстарының олардан бөлек тұратын баламен қарым-қатынас тәртібін айқындау туралы;
- Заң негізінде емес, басқа адамдардан баланы алып қою туралы;
- Ата-ана құқықтарының шектеулерін жою туралы;
- Бала асырап алуды жарамсыз деп тану туралы;
- Алимент мөлшерін өзгерту туралы, алимент төлеуден босату туралы, Кәмелетке толмаған балаларды асырап-бағуға өндіріп алатын алимент бойынша берешекті төлеуден босату туралы;
- Кәмелетке толмағандардың мұрагерлік құқықтарын қорғау туралы;
- ҚР заңсыз ауыстырылған немесе ҚР ұсталатын баланы қайтару туралы немесе осындай балаға қатысты ҚР ратификацияланған халықаралық шарттың және Тараптардың бірі кәмелетке толмаған болып табылатын басқа да істердің негізінде қол жеткізу құқықтарын жүзеге асыру туралы.

Аталған түзетулер 2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді.

**Осылайша, жоғарыда аталған санаттар бойынша талап-арыздар кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында қабылданатын болады. Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, М.Дулатов көшесі, 46 «А» үй мекенжайында орналасқан. Тел: 8716-2-55-96-43.**

Астрахан аудандық соты.



## ИНФОРМАЦИЯ

27 марта 2023 года Президентом РК подписан Закон «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты РК по вопросам совершенствования процессуального законодательства и реформирования судебной системы».

Согласно новой редакции части 3 ст.27 ГПК в подсудность ювенальных судов дополнительно переданы гражданские дела по спорам:

- О расторжении брака между супругами, имеющими общих несовершеннолетних детей;
- О разделе имущества (при наличии несовершеннолетних детей);
- Об определении порядка общения близких родственников с ребенком, проживающим отдельно от них;
- Об отобрании ребенка, находящегося у других лиц, не на основании закона;
- Об отмене ограничения родительских прав;
- О признании усыновления (удочерения) недействительным;
- Об изменении размера алиментов, об освобождении от уплаты алиментов, от уплаты задолженности по алиментам, взыскиваемых на содержание несовершеннолетних детей;
- О защите наследственных прав несовершеннолетних;
- О возвращении незаконно перемещенного в РК или удерживаемого в РК ребенка или об осуществлении в отношении такого ребенка прав доступа на основании международного договора, ратифицированного РК и других дел, в которых одной из сторон является несовершеннолетний.

Указанные поправки вводятся в действие с 1 сентября 2023 года.

**Таким образом, иски по вышеуказанным категориям будут приниматься в специализированном межрайонном суде по делам несовершеннолетних, который находится по адресу Акмолинская область, город Кокшетау, ул.М.Дулатова д. 46 «А», тел: 8716-2-55-96-43.**

Астраханский районный суд.

## МҰНЫ БІЛГЕН ЖӨН

## ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ МҮЛІК САЛЫҒЫН ТӨЛЕУ МЕРЗІМІ 2 ҚАЗАНДА АЯҚТАЛАДЫ



Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті осы жылдың 1 қазанында 2022 жыл үшін жылжымайтын мүлік және жер учаскелерінің меншік иелерінің мүлік салығын төлеу мерзімі аяқталатынын еске салды.

Алайда, осы жылдың 1 қазаны демалыс күні екенін

ескерсек, төлем мерзімі 2 қазанда аяқталады.

1 қаңтар – 31 желтоқсан аралығындағы күнтізбелік жыл жеке тұлғалардың мүлік салығын есептеу үшін салық кезеңі болады.

Салықты есепті салық кезеңінен кейінгі жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей салық органдары есептейді, жыл сайын «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы айқындаған құн негізінде, мүліктің нақты иелену мерзімі белгіленеді.

Маңызды ақпарат! Мүлік салығын төлеу барысында:

- Ортақ бірлескен меншікте өзара келісім бойынша мүлік иелерінің бірі салық төлеуші болады.

Егер салық сомасы барлық меншік иелеріне келсе, онда меншік иелерінің біреуі ғана төлем жасайды;

- Ортақ үлестік меншікте салық төлеушілер осы мүліктегі үлесіне сәйкес мүліктің барлық меншік иелері болып табылады.

Салық заңнамасына сәйкес төлеуге жататын салық сомалары туралы хабарламалар осы жылдың шілде айында меншік иелеріне электронды түрде – PUSH-хабарламалары түрінде жіберіледі. Бұл ретте салық коммуналдық төлем арқылы немесе мобильді қосымшалар арқылы бір рет төленеді.

Сонымен қатар, алдағы төлемдер туралы ақпарат «Kaspi Bank» АҚ және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ мобильді қосымшаларын пайдаланушыларға PUSH-хабарламалары түрінде жіберіледі. Бұл ретте салық коммуналдық төлем арқылы немесе мобильді қосымшалар арқылы бір рет төленеді.

Қате төлемдерді болдырмау үшін көрсетілген деректемелерді пайдалана отырып, төлемдерді бір уақытта жүзеге асыру мүмкіндігімен нақты есептелген салық сомасын kgd.gov.kz «Алдағы төлемдер» сервисінде және «E-salyq Azamat» мобильді қосымшасына, сондай-ақ банктердің мобильді қосымшаларында көруге болады, - деп хабарлады ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитетінің баспасөз қызметі.

Баланың болашақта қандай тұлға болып қалыптасуы, бойына сіңірген қасиеттерінің барлығы тікелей тәрбиемен, әсіресе ата-анасының оған деген қарым-қатынасына байланысты. Баланың тәрбиесі ананың жатырына түскен сәттен-ақ басталады. Анасының көңіл-күйі, өзін сезінуі, қалай тамақтанғандығы, денсаулығы бұның барлығы балаға берілетін тәрбиенің негізгі және алғашқы фундаменті деп алсақ болады. Мұның барлығы баланың тұлпанасына жазылады. Сондықтан әйел адам жүкті болған кезден бастап, өзінің денсаулығына аса күтіммен қарап, қалаған тағамын жеп, жағдайын жасауы тиіс.

3 жасқа дейінгі тәрбие

Мұнан әрі қарай бала өмірге келген соң 3 жасқа дейінгі балаға көп тыйым сала беруге болмайды дейді психолог мамандар. Себебі оған дейін бүлдіршін әлемді қабылдай бастайды. «Жоқ» деген сөзді дұрыс түсініп, қабылдай бермейді. «Менің қолымнан барлығы келеді. Мен барлығын жасай аламын» деген позитивті ойда жүреді. Егер 3 жасқа дейін балаға «жоқ» деген сөзді көп айта берсе, оның әлемге деген көзқарасы өзгеруі мүмкін. Ол тәуекелге барудан қорқып, өзін әрдайым артқа тартып жүретін болады. Сондықтан бала 3 жастан асқанда барып қана, керісінше жауапты қабылдауды үйретеміз. Ата-аналар әр сөзді өз орнымен айтып үйренуі қажет. Олардың ішінде тіпті баласына ешқашан «жоқ» деп айтып көрмегендері де бар. Мұндай еш нәрсеге тыйым салып көрмеген балдырғандар психологиялық тұрғыдан әлсіз болып келеді. Есейгенде өмірде кездескен көптеген қиындықтарға шыдай алмай, басқаның «болмайды» деген сөзін естіп, әбден стресске түсіп кетеді. Жалпы балаға қалағанын істете бермей, кейде одан бас тартуды үйрету үшін ең алдымен ата-аналар өздері баланың «ұнамайды», «жасағым келмейді» дегеніне түсіністікпен қарауы тиіс. Егер ата-ана баланың өтінішінен бас тартатын болса, оның себебін дұрыстап түсіндіруі қажет. Сонда бала «жоқ» деген сөзді қабылдауды үйренеді.

## БАЛАНЫ ДҰРЫС ТӘРБИЕЛЕУ – ЕҢ ҮЛКЕН ЖЕТІСТІК

**Баланы тәрбиелеудің дұрыс тетігін ұлттық тәрбиеде, баланы 5 жасқа дейін ханыңдай құрметте, бес жастан он бес жасқа дейін құлыңдай жұмса, он бес жастан асқан соң ақылшыңдай кеңес деген ұғым бар. Бала – ол өте нәзік те сезімтал адам. Оның жанын жаралап алу өте оңай, алайда осы бір жара өмір бойы сыздап жүруі ғажап емес. Бала кезінде шешілмей қалған мәселелердің салдары ер жеткен кезде кейбір психикалық ауытқуларға негіз болатынын да психолог мамандар ескертеді. Расында қазақ «Ұяда не көрсең ұшқанда соны ілесің» дейді. Ендеше біз бүгін баланы қалай дұрыс тәрбиелеу керек деген сауалдың шешімін жан-жақты қарастырып көркеміз.**

Жазалау қолданудың жолы

Отбасында әр түрлі жағдайлар болып қалуы мүмкін. Соған байланысты баланы жазалайтын не жазаламайтын кездер де болады. Көбіне ата-аналар бүлдіршінің өлемді тану процесін бұзықтықпен шатастырып алып жатады. Бала болған соң көргісі келеді, білгісі келеді. Сөйтіп абайсызда бірнәрсені сындырып алып, ыдысқа неше түрлі сұйықтықты құйып, араластырып, өз бетінше эксперимент жасап көргісі келуі мүмкін. Яғни бұл баланың өлемді тану үшін қызығушылығы оянды деген сөз. Осындай сәтте оған ұрысып тастау, қандай да бір жаза қолдану кері әсерін тигізіп, бүлдіршінің потенциалын өлтіріп тастауына дейін жеткізеді. Сондықтан бала кішкене есейген кезде, 5 жастан бастап жаза қолдануға болады. Соның өзінде ол баланы ұру, тамақтан айыру, намысына тию деген сияқты қатаң түрдегі жаза болмауы тиіс. Тек қана баланы уақытша жақсы көретін нәрсесіне тыйым салудың өзі жеткілікті болады. Мысалы, жаза ретінде күні бойына теледидар көрмейсің деген секілді әдістерді қолдануға болады.

Ата-ананың рөлі

Балаға негізгі тәрбиені беретін ол ата-ана. Кішкентай шақалақ кезінен бастап оған күтім жасап, жақсы қарым-қатынаспен қарайтын болса, ол баланың болашақта қандай адам болатынын айқындайды. Егер балдырғанға әкесі не шешесі «Оңбаған, сенің қолыңнан дым келмейді» десе, есейгенде ол шынымен сондай баланы тәрбиелеп шығады. Ал керісінше «Сен мықтысың, қолыңнан келеді. Мен саған сенемін» деп үнемі қолдау білдіріп отырса, өз-өзіне сенімді,



табысты, әке-шешесіне жанашыр, мейірімді бала болып өседі. Сонымен қатар ата-ана баласына өтірік айтпай, екі сөйлемей, айтқанында тұрса, бала да шыншыл болып, көңілдерінен шығуға тырысатын болады. Сондықтан бала тәрбиесі – ата-ананың жауапкершілігі.

Ата-ананың ең басты қателік – бала психологиясын білмеу. Өз баласының мінез-құлқын білмей, оның мы қалай дамидынын мүлде бейхабар ата-аналар бар. Бұл білместік – балаға тәрбие беруде үлкен қателікке әкеп соқтырады. Өз баласын толықтай білетін ата-ана оны дұрыс тәрбиелеу жолын да біледі.

Өз балаңды ешқандай шартсыз, қалай бар, сол күйінде қабылдай білуің керек. Кейбір ата-ана баласының жылағанын, ашуланғанын көтере алмай, тек ба-

## ТӘРБИЕ

күні бойы ойнап, жүгіріп, ата-анасымен, жақындарымен ұдайы қарым-қатынаста болуы керек. Ал егер мұның барлығын телефонмен алмастырған жағдайда баланың жүйке-жүйесі шаршайды. Ол өз эмоцияларын басқара алмай, агрессияға тым бейімделіп кетуі әбден мүмкін. Балалардың ішінде әсіресе мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерге қатты қажет болмаса, оларды әлеуметтік желіден шектеу керек. Тіпті берген күннің өзінде күніне 30-40 минуттан асырмаған жөн.

Елдіге тәуелді балаларға қатысты мамандар мынадай тұжырым айтады: – Желіге тым көп уақытын өткізетін балалар есейе келе әкешешесінен қолдау іздемейтін болады. Яғни әлеуметтік желі бала үшін ата-ананың орнын алмастырып кету қаупі туады. Бала жылап, ашуланған кезде мұның себебін анықтап алған жөн. Оның жеке қажеттіліктерін өтеу керек. Егер ата-ана баланың әр қажеттілігін өтеместен, телефонмен алдай беретін болса, бұл мәселе одан сайын күрделене түседі. Ең соңында мұның барлығы баланың психологиясы мен мінез-құлқының өзгеруіне алып келеді. Сол себепті баланың көңілін жақсы заттарға бұрып, өзі ұнататын ісімен айналысуын қамтамасыз ету қажет, - дейді.

Иә, баланы өмірге әкелу бір басқа да, оны адам етіп тәрбиелеу өз алдына бір мектеп. Өмірге ұрпақ әкелген кез-келген ата-ана баласының болашағын жарқын болғанын қалайды. Жақсы тұлға болып қалыптастырғысы келеді. Ал ол үшін алдымен ата-ана баласын түсінуді үйренуі қажет. Көп ата-ана баласы нені жасай алмайды, соған көп назар қояды. Мысалы, бала тым жалқау, еріншек болса, тек сол қасиетін жоюға ғана жұмыс істейді. Осылай оның басқа да жақсы қасиеттері назардан тыс қалады. Сол себепті ең алдымен баланың жақсы, мықты қабілеттеріне назар аудару керек.

Міне, біз бүгін бала тәрбиелеудің психолог мамандар дұрыс деп тапқан тетіктері мен жолдарын сіздерден саралап ұсындық, қадеңізге жарасын.

Н. БАҚЫРАН.

## ТАБЫСТЫ АРТТЫРУ

БАЛАБАҚША ТӘРБИЕШІЛЕРІНІҢ  
ЖАЛАҚЫСЫ ТАҒЫ ДА 30%-ҒА  
ӨСЕДІ

Қыркүйектен бастап мектепке дейінгі тәрбие және білім беру педагогтерінің жалақысы тағы да 30%-ға өседі. Бұл шара еліміздің 97 мың тәрбиешісін қамтитын болады.



Жалақыны жыл сайын арттыру 2020 жылдың қаңтарынан бастап Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылып келеді.

Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, мектепке дейінгі білім беру жүйесінің кадрлық әлеуетін күшейту мақсатында 20 390 педагог кәсіби біліктіліктерін арттырады. 79 мектепке дейінгі ұйымда «Құзырет орталықтары» жұмыс істейді. Мұнда тәрбиешілер өзара тәжірибе алмасып, үздік жұмыстарымен бөліседі.

Сонымен қатар Үкімет бала-бақшаларда жаңа орындар ашу бойынша шаралар қабылдауда.

Жыл басынан бері 29 620 орынға арналған 307 мектепке дейінгі ұйым пайдалануға берілді.

Жыл аяғына дейін балабақша-шаларда барлығы 81 мың, ал 2025 жылға дейін 223 мың жаңа орын ашу жоспарлануда», – делінген хабарламада.

Бүгінде Оқу-ағарту министрлігі мектепке дейінгі ұйымдарға кезектіліктің бірыңғай базасын құруда. Бұл қызметтердің ашықтығын, деректердің бірыңғай тізілімін қамтамасыз етеді және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік береді.

ИНТЕРЕСНО  
ЗНАТЬ

#Ханс Кристиан Андерсен не мог грамотно написать практически ни одного слова.

#Самый большой динозавр из когда-либо обнаруженных достигал в длину более тридцати метров и весил более восьмидесяти тонн.

#Автором электрического стула был простой дантист.

#Ушная сера необходима для здоровья ушей.

#Человек — единственное животное, которое плачет из-за эмоций.

#Во время полета в самолете скорость роста волос у человека удваивается.

#Одиннадцать процентов людей на земле левши.

#За среднестатистическую жизнь сердце делает три миллиарда триста миллионов ударов.

#Юлий Цезарь носил лавровый венок, чтобы скрыть начинающуюся лысину.

#Луна легче Земли в восемьдесят раз.

#Вольфганг Моцарт, один раз прослушав в Ватикане многоголосое духовное сочинение Аллегри, за ночь записал точную копию произведения.

#Виноград взрывается в микроволновой печи.

«ОБМАНОМ ЖИТЬ НАМ СТАЛО БЫТЬ С РУКИ»:  
КАК ВЫЧИСЛИТЬ  
НЕДОБРОСОВЕСТНЫХ ПРОДАВЦОВ  
В ИНТЕРНЕТ МАГАЗИНАХ

**FinGramota**  
Повышение финансовой грамотности населения

Заказывать товары через интернет сегодня не просто модно, но и очень удобно, учитывая, что рабочий график многих людей не всегда позволяет им выехать по магазинам на шопинг. К сожалению, у покупок в интернете есть и обратная сторона - риск обмана со стороны продавца. Fingramota.kz расскажет о наиболее часто встречающихся видах мошенничества при совершении покупок в интернете и поделиться простыми советами о том, как избежать неприятностей.

ИНТЕРНЕТ-  
МАГАЗИН -  
НЕ ГАРАНТИЯ

Казалось бы, самый верный и надежный способ совершить покупки через интернет - это шопинг в популярных интернет-магазинах. Они доступны в мобильных приложениях многих крупных банков Казахстана. Считается, что на данных площадках можно купить товары без риска быть обманутым, но реальность показывает, что полностью быть уверенным в честности продавцов нельзя и здесь.

Случаи мошенничества сводятся к простой схеме. Покупатель заказывает товар, к примеру самокат, оплачивает его, но поставщик просто не отправляет в нужный срок товар, на звонки не отвечает и вообще не подает признаки своего существования.

Попытаться найти мошенника можно, написав в службу поддержки интернет-магазина. Там выяснят, не мог ли товар потеряться не по вине продавца, а из-за того, что сервис доставки потерял заказанный товар. В этом случае интернет-магазин быстро вернет покупателю деньги. Но если становится известно, что утери со стороны курьерских компаний не было, то необходимо писать заявление в полицию. Даже если речь идет о небольшой сумме, рекомендуется все равно уведомить правоохранительные органы о факте мошенничества, ведь ваш случай может помочь в расследовании более крупных фактов мошенничества этими же лицами.

А чтобы избежать ненужных проблем, желательно перед покупкой посмотреть, какой у продавца рейтинг в приложении, есть ли комментарии. На основании этих данных можно сделать некоторые выводы. Например, если у продавца 5-10 комментариев, написанных за короткое время, то это должно вызвать подозрения. Поищите наименование продавца в поисковых

системах, возможно, вы найдете интересные данные о нем, которые помогут избежать неприятностей.

ЧАСТНЫЕ  
ОБЪЯВЛЕНИЯ -  
РИСКИ ВЫШЕ

Совершая покупки через сайты частных объявлений, человек рискует нарваться на недобросовестных продавцов. Дело в том, что за красивой фотографией может скрываться самый настоящий мошенник. Типичная схема «работы» мо-

что ему предоставили полную информацию о товаре с фотоотчетом, соглашается на покупку, отправитель высылает реальное почтовое отправление, опять-таки с фотоотчетом. Покупатель оплачивает полностью товар, как договорились. Однако, когда посылка приходит и покупатель радостно открывает товар, то выясняется, что внешне приобретение не такое уж и новое, с некоторыми мелкими повреждениями корпуса, например, или выглядит так, будто его обмозжали жиром. На претензии продавец от-



вечает, что возврат не принимает, поскольку заранее отправлял фото, и покупатель «сам виноват», что чего-то не увидел. В результате получается, что формально все хорошо - деньги уплачены, товар получен, но по факту ожидаемому и заявленному качеству этот товар не соответствует. Чтобы на случай такой ситуации хоть как-то компенсировать потери, покупатель может договориться с продавцом о частичной предоплате, а оставшуюся сумму перечислить после получения и приемки товара.

Итак, чтобы не столкнуться с фактами мошенничества при совершении покупок через интернет, необходимо следовать некоторым простым правилам.

Если берете товар через интернет-магазин, посмотрите рейтинг продавца и комментарии о нем.

Покупая товар по объявлению у продавца из другого города, убедитесь, что он отправил вам посылку через официальные службы доставки.

Во избежание неприятностей, договоритесь так, что после отправки почтой оплатите 20 или 30 процентов от всей суммы, а оставшуюся - при получении.

Если вам предлагают оплатить заказ через сервисы курьерской службы, то позвоните по официальному телефону этой курьерской службы и уточните, есть ли у них такой сервис.

Обязательно сохраняйте все переписки с продавцом до тех пор, пока покупка не завершена и товар не проверен вами лично.

В случае, если вы все-таки лишились своих денег и не получили товар, пишите заявление в правоохранительные органы с предоставлением всех скриншотов.

Впрочем, мошенники могут отправить реальную посылку через настоящую почту, но все равно совершат обман покупателя. Дело в том, что в переписке продавец-мошенник может отправлять фотографии, выставляющие товар в лучшем свете, утверждать, что все в порядке, повреждений якобы нет и вообще, этим товаром «почти не пользовались». Покупатель, думая,

## ИЗУЧАЕМ КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК: ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ

## 1-тапсырма. Жаңа сөздермен танысайық!

Биыл	в этом году	күз	осень
былтыр	в прошлом году	жазғы	летний
жыл	год	күзгі	осенний
жыл мезгілі	время года	қысқы	зимний
қыс	зима	көктемгі	весенний
көктем	весна	қандай?	какой? какие?
жаз	лето	аяз	мороз
суық	холодно, холодный	жел соғып тұр	ветер дует
ыстық	жарко, жаркая	жаңбырлы	дождливая
тепелі	жылы	желді	ветреная
жаңбыр жауды	пошел дождь	ұзақ	длинный
ашық аспан	ясное небо	қысқа	короткий
аязды	морозный	бұлтсыз	безоблачный
қатал	суровая	қапырық	душный

## 2-тапсырма.

## Мәтінді оқыңыздар.

Бір жылда төрт мезгіл: көктем, жаз, күз және қыс бар. Бір мезгілде үш ай бар. Үш ай – бір тоқсан. Жазда күн ыстық болады. Жаз – демалыс кезі. Көктем – тамаша кез. Көктемде күн жылынады, кейде жаңбырлы, кейде құрғақ. Күзде жаңбыр көп жауады. Күзде жеміс-жидек, көкөніс өте көп. Қыста күн суық, аязды болады. Қыста күн суық, қысқа, ал түн ұзақ. Қыс – өте әдемі, ақ қарлы, керемет кез! Мен жаз мезгілін ұнатамын. Биылғы жаз салқындау болды.

## 3-тапсырма.

## Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Бір жылда неше мезгіл бар?
2. Бір жыл мезгілінде неше ай бар?
3. Бір айда неше күн бар?
4. Бір аптада неше күн бар?
5. Көктем мен күздің айырмашылығын айтыңыз.
6. Қыс пен жаздың айырмашылығын айтыңыз.

## 4-тапсырма.

## Сөйлемдерді орыс тілінен қазақ тіліне аударыңыз.

В году 12 месяцев, 4 времени года. Это: весна, лето, осень и зима. Весенние месяцы – март, апрель, май. Летние месяцы – июнь, июль, август. Осенние месяцы – сентябрь, октябрь, ноябрь. Зимние месяцы – декабрь, январь, февраль. Сейчас осень. Сегодня 8 сентября. В одном месяце 30-31 день.

## 5-тапсырма.

## Тест сұрақтарына жауап беріңіз.

1. Сөйлемді толықтырыңыз. Дополните предложение.

Қыс айлары – .....

- A) наурыз, сәуір, мамыр
- B) маусым, шілде, тамыз
- C) қыркүйек, қазақ, қараша
- D) желтоқсан, қаңтар, ақпан

## 2. Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.

Найдите главные опорные слова в тексте.

- A) төрт мезгіл, күз
- B) төрт мезгіл, айлар
- C) қаңтар, желтоқсан
- D) демалыс, жеміс-жидек

## 3. Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.

Выберите информацию не соответствующую тексту.

- A) Қыста күн ыстық.
- B) Көктем – тамаша кез.
- C) Бір жылда төрт мезгіл бар.
- D) Жаз айлары – маусым, шілде, тамыз.

## 4. Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.

Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте.

- A) Жаз ыстық па?
- B) Қыс айлары қандай?
- C) Күз айлары қандай?
- D) Көктем қандай мезгіл?

## 6-тапсырма. Берілген сөздерден сөйлем құрастырыңыз.

1. Қар, наурызда, ериді.
2. Жылына, күн, ақпанда, бастайды.
3. Соғады, боран, желтоқсанда, қатты.
4. Суытады, қыста, күн.
5. Көктей, бастайды, жер, сәуірде.





### ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСА

Жыл сайынғы «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясын өткізу барысында Астрахан аудандық полиция бөлімінің қызметкерлері де атсалысты. Биыл ауданымыздағы аз қамтылған отбасының 3 кәмелеттік жасқа толмаған балаларға мектепке киім-кешек пен мектепке керек құралдары әперілді.

«Мектепке жол» республикалық акциясы мектеп оқушыларының толық қатысуын қамтамасыз ету мақсатында өткізіледі. Акцияның ұраны - жақсылықты жаса деген атаумен өтті.

Қазақстан Республикасының әрбір азаматы халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларды мектепке дайындауда атаулы көмек көрсетуде азаматтық белсенділік таныта алады, оның мектепке жолы қуанышты болуы үшін әрбір балаға шынайы қамқорлық пен назар аудара алады.

Акцияның мақсаты-аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезінде материалдық қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу.

Өз ақпаратымыз.

### ПРОДАМ ДОМ



2-х уровневый, в центре села Астраханка. Коттедж теплый, сухой. Отопление центральное. Вода в доме, 2 санузла, септик. Участок 6 соток. На участке имеется коммерческое помещение. Цена - 22 000 000 тг. Пер. Арсекеева, 9 кв.1. 8 777 656 61 38

### ОЧС И ПЧ-19 ИНФОРМИРУЕТ

## АВТОМОБИЛЬ - ОБЪЕКТ ПОВЫШЕННОЙ ОПАСНОСТИ!

За 8 месяцев 2023 года резко возросло количество пожаров на автотранспорте. На текущий момент по Астраханскому району за аналогичный период на транспорте произошло 6 пожаров с общим материальным ущербом 10 000 000 тенге.

В целях недопущения возникновения пожаров на транспорте для автовладельцев рекомендуются следующие:

- проводить ревизию электрохозяйства;
- категорически не допускать использования жучков;
- не допускать курения в салоне;
- не допускать утечки в системе подачи топлива и прочие

Многие автовладельцы по безопасности, считают, что пожар в машине может произойти с кем угодно, но только не с ним. А ведь в любом автомобиле присутствует электропроводка и синтетические материалы, которые делают его легко-



воспламеняющимся и быстро сгораемым.

### ВОДИТЕЛЬ ПОМНИ!

При «хороших» условиях автомобиль сгорает примерно за три – четыре минуты, независимо от его марки авто и года выпуска. Для таких случаев в каждом транспортном средстве в легкодоступном месте должен находиться огнетушитель и другие подручные средства пожаротушения.

### ПОЗДРАВЛЯЕМ ЮБИЛЯРОВ И ИМЕНИННИКОВ!



Сердечно поздравляем с 83-летием Кравбаеву Орынгуль из села Астраханка.

От всей души сердечно поздравляем с 80-летним юбилеем Гуралевич Леонтия Сигизмундовича.

С 70-летним юбилеем от всей души поздравляем Баеву Татьяну Александровну из села Астраханка, Кайржанову Умит Касеновну из села Петровка, Кайзер Виктор Владимировича из села Жалтыр, Уатхан Қалимаш из села Жана-Турмыс.

Сердечно поздравляем с 65-летием Браун Виктор Константиновича, Касенова Жанбурбая Альжановича из села Таволжанка, Беззубец Василия Михайловича из села Старый Колутоң, Рамазан ШамшіқамарТұрсынқызы из села Ондирис, Мудрову Наталью Васильевну, Махметова Валихана Асетовича из села Жалтыр, Мухорина Владимира Игоревича из села Зеленое.

Желаем вам крепкого здоровья, добра, тепла, любви и заботы родных и близких, уюта и благополучия в ваших домах!  
Районный совет ветеранов.



Жаңа-бірлік ауылының тұрғыны Отызбаев Нұрлыбек Құдайбергеліні 60 жылдығымен және немересі Айқынды 1 жасқа келген туған күндерімен құттықтаймыз!

Нұрлыбек, 60 жасың құтты болсын, Ағайын-туысқанмен ортаң толсын, Туысқан-бауырларға сыйлы болып, Тойың әрқашанда тарқалмасын.

Денсаулығың мықты болсын, аспаның ашық, жүзің жарқын, ғұмырың ұзақ болсын. Әлемдегі бар жақсылықты өзіңе ғана тілейміз. Дастарханың мол болып,

көңілің көтеріңкі болсын. Айсұлу есімді келімізбен және жеңемізбен бақытты өмір сүріп, қыздарың – Ләззат пен Айымгүлдің қызықтарын көріп, Айқын немереңнің 1 жасқа келгені құтты болсын. Ауырмасын, дені сау болсын. Ата-ата деп сонында жүгіріп жүрсің, үлкен жігіт болып ер жетсін.

Игі тілекпен: анасы Шолпаң, апалары-жезделері, қарындастары-күйеу балалары, інілері-келіні Әйгерім, жиендері және немерелері.



Поздравляем с 60-летием Отызбаева Нурлыбека!

С днем рождения поздравляем

Процветания желаем

Счастья, радости, успеха

Доброты, улыбок, смеха

Теплоты, уюта в доме

И любви в большом объеме

Становиться лишь богаче

Мира, света и удачи.

Долгих лет жизни и хорошего настроения!

с/п жена, дочери, внук.



### УВАЖАЕМЫЕ ЧИТАТЕЛИ ГАЗЕТЫ МАЯК!

Приглашаем вас оформить подписку

Подписная цена –

2000 тенге - на 6 месяцев

ПОДПИСКА В РЕДАКЦИИ И В ОТДЕЛЕНИИ КАЗПОЧТЫ  
ИНДЕКС 66811



### «ҚАРУ» ЖЕДЕЛ-ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ШАРАСЫ

Астана ст. ЖПБ аумағында ағымдағы жылдың 05 мен 09 қыркүйек күндері аралығында «Қару» жедел-профилактикалық іс-шарасы өтуде.

Іс-шараның басты мақсаты – заңсыз айналымнан атыс қаруын тәркілеу, ұрланған және жоғалған қаруды іздестіру және атыс қаруымен жасалатын қылмыстардың алдын алу, сондай-ақ, тұрғылықты мекен-жайларында ұзақ уақыт бойы тұрмаған және жаңа мекен-жайлары бойынша есепке тұрмаған азаматтық қару иелерін анықтау болып табылады. Аталған іс-шараға Жалтыр ст. ЖПБ Астрахан ауданының полиция басқармасының Әкімшілік полиция бөлімі, Жергілікті полиция қызметі қызметкерлерімен



жұмылдырылып, рейдтік шаралар және түсіндірме жұмыстары жүргізілуде.

Н. КОНКЫШОВ,  
Жалтыр ст. ЖПБ басшысының м.а.,  
полиция аға-лейтенанты.

**ПЛАСТИКОВЫЕ ОКНА**

**ДВЕРИ ВИТРАЖИ, ПЛАСТИКОВЫЕ ОТКОСЫ**

НЕМЕЦКОЕ КАЧЕСТВО ПО ДОСТУПНОЙ ЦЕНЕ

МОЖНО В КРЕДИТ

ТЕЛ. 8-701-3984131, 2-28-47

После смерти гр. Кусаиновой Сары Аймагамбетовны, открыто наследственное дело. Наследникам необходимо обратиться в предельный срок до 13 января 2024 года к нотариусу Астраханского района Жунусову С.К. Село Астраханка, ул. Аль-Фараби, 52. Телефон 2-38-91.

После смерти гр. Костырко Владимира Михайловича, открыто наследственное дело. Наследникам необходимо обратиться в предельный срок до 28 января 2024 года к нотариусу Астраханского района Жунусову С.К. Село Астраханка, ул. Аль-Фараби, 52. Телефон 2-38-91.

Администрация и отраслевой профсоюз «Senim» выражают искренние соболезнования Шандер Ольге Сергеевне в связи со смертью матери Шкурихиной Татьяны Семеновны  
Скорбим вместе с Вами.

Газет «Астрахан аудандық «Маяк» газеті» ЖШС-де теріліп, беттелген, «Медиа-холдинг» ЖШС-де басылып шығарылған, 010000 Қазақстан, Астана қаласы, Силети, 30. ЖШС-нің тіркеу куәлігі 5485-1902. 2012 жылдың 6 қаңтарында Қазақстан Республикасының байланыс және ақпарат министрлігінің ақпарат және архивтер комитетінде тіркелген. №12353-Г тіркеу куәлігі. Таралымы 1000. Индекс 66811.

Собственник:  
ТОО «Астраханская  
районная газета «Маяк»

Издается при  
поддержке акима района,  
районного маслихата

Директор - редактор  
Арман Жапаров  
8 705 383 37 39  
2-21-73

Корреспондент  
Бухгалтерия  
Прием рекламы  
2-36-93

Газета набрана и сверстана в ТОО «Астраханская районная газета «Маяк», отпечатана в ТОО «Медиа-холдинг» 010000, Казахстан, г. Астана, ул. Силети, 30. Регистрационное свидетельство 5485-1902-ТОО. Зарегистрирована в Комитете информации и архивов Министерства связи и информации Республики Казахстан 6.01.2012 г. Регистрационное свидетельство №12353-Г. Тираж 1000. Индекс 66811.

Рукописи не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за достоверность фактов несут авторы, за содержание рекламы - рекламодатели. Точка зрения авторов и мнение редакции могут не совпадать

НАШ АДРЕС  
020300  
с. Астраханка,  
ул. Аль-Фараби, 71

Электронная почта  
astrmayak@mail.ru

Сайт  
mayak.skom.kz